

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің экономикасына интеграциялық процестердің әсерін бағалау әдістемесі туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 30 қарашадағы № 168 шешімі

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 12 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарының 6.3.8-тармағына және Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 4 өкімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 6.3.8-тармағына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссиясының алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің экономикасына интеграциялық процестердің әсерін бағалаудың қоса беріліп отырған әдістемесі бекітілсін.
2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық
комиссиясы алқасының төрагасы

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссиясы алқасының
2023 жылғы 30 қарашадағы
№ 168 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің экономикасына интеграциялық процестердің әсерін бағалау ӘДІСТЕМЕСІ

1. Осы Әдістеме Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 12 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарының 6.3.8-тармағына сәйкес әзірленді.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, одақ) экономикасына интеграцияның үлесін бағалаудың әдіснамалық негізі "Еуразиялық экономикалық одақтың "шығындар–шығару" еларалық кестесін құру әдіснамасын әзірлеу, оның негізінде одақтың интеграциялық әлеуетін эксперименттік есептеу бағалау" тақырыбы бойынша ғылыми–зерттеу жұмысын іске

асыру шеңберінде Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қажеттіліктері үшін 2019 жылы әзірленген Одақтың "шығындар – шығару" еларалық кестелері болып табылады.

Федералдық зияткерлік меншік қызметінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 2021620900 зияткерлік қызмет нәтижесін мемлекеттік тіркеу туралы қуәлігіне сәйкес Комиссия Еуразиялық экономикалық одақтың 2016 жылғы "шығындар–шығару" еларалық кестелер жүйесі және оларды құру мен өзектендіру жөніндегі нұсқаулықтың "деректер базасының құқық иеленушісі болып табылады

2. Бұл әдіс келесі көрсеткіштерді есептеу үшін қолданылады:

мүше мемлекеттің жалпы ішкі өніміне (ЖІӨ) тауарлардың өзара саудасының үлесі;

мүше мемлекеттің ЖІӨ-не көрсетілетін қызметтердің өзара саудасының үлесі;

мүше мемлекеттің ЖІӨ-не еңбек көші-қонының (мүше мемлекеттерден жұмыс күшінің импорты және мүше мемлекеттерге/мемлекеттерден ақша аударымдары) үлесі;

тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және еңбек көші-қонының өзара саудасының интеграциялық құрамдас бөліктері;

интеграциялық құрамдас бөліктерді ескере отырып, мүше мемлекеттің ЖІӨ-ге тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және еңбек көші-қонының өзара саудасының жиынтық үлесі.

Әдістеме тауарлардың өзара саудасының, қызметтердің өзара саудасының және әрбір мүше мемлекеттің ЖІӨ-ге еңбек көші-қонының жиынтық интеграциялық үлесін бағалауды көздейді.

3. Бұл әдістемеде келесі ұғымдарды білдіретін терминдер қолданылады:

"мүше мемлекеттің ЖІӨ-не тауарлармен өзара сауданың қосқан үлесі" – мүше мемлекеттің басқа мүше мемлекеттерге тауарлар экспортынан және басқа мүше мемлекеттерден тауарлардың қосымша импортынан олардың тікелей және жанама үлесі ескеріле отырып есептелген ЖІӨ-ге жиынтық үлесі;

мүше мемлекеттің ЖІӨ-не көрсетілетін қызметтердің өзара саудасының үлесі – мүше мемлекеттің басқа мүше мемлекеттерге көрсетілетін қызметтер экспортынан олардың тікелей және жанама үлесін ескеріле отырып есептелген ЖІӨ-ге үлесі;

"мүше мемлекеттің ЖІӨ-ге еңбек көші-қонның үлесі" – басқа мүше мемлекеттерден келіп түсken және басқа мүше мемлекеттерге жөнелтілген мигранттардың жұмыс құші импортынан және ақша аударымдарының сальdosынан мүше мемлекеттің ЖІӨ-не қосынды үлесі;

"мүше мемлекеттің ЖІӨ-не жұмыс құші импортының үлесі" – басқа мүше мемлекеттерден еңбекке көшіп-қонушылар жұмыс істейтін экономика секторларында еңбекші көшіп-қонушылар өндірген, оның ЖІӨ-ге тікелей және жанама үлесін ескеріле отырып есептелген өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді шығару;

"мигранттардың мүше мемлекеттің ЖІӨ-не ақша аударымдарының үлесі" – басқа мүше мемлекеттерден келіп түсken және басқа мүше мемлекеттерге жіберілген

мигранттардың ЖІӨ-ге тікелей және жанама үлесін ескере отырып есептелген ақша аударымдары көлемінің сальdosы;

"тауарлардың қосымша импорты" – осы мүше мемлекетте өндірілуі мүмкін емес басқа мүше мемлекеттерден тауарлар импортының үлесі;

"интеграциялық құрамдас" – нақты интеграциялық шараларды қабылдау және іске асыру есебінен қалыптастырылатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, еңбек көші-қонының өзара саудасының жалпы көлеміндегі үлес;

"интеграциялық шаралар" – Одақ құқығына кіретін актілермен қабылданатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және еңбек көші-қонының өзара саудасының көрсеткіштеріне ықпал ететін мүше мемлекеттердің бірлескен іс-қимылдары;

"мүше мемлекеттің ЖІӨ-ге интеграциялық үлесі" – қабылданған интеграциялық шараларды ескере отырып, тауарлардың өзара саудасына, қызметтердің өзара саудасына және еңбек көші-қонына әрбір мүше мемлекеттің ЖІӨ-ге жиынтық үлесі;

Одақты "шығындар-шығару" еларалық кестесі – мүше мемлекеттердің "шығындар-шығару" ұлттық статистикалық кестелерінің негізінде құрылған ресурстарды (өнімдер мен қызметтерді) өндіру мен импорттаудың және оларды мүше мемлекеттердің экономикаларында пайдаланудың (аралық пайдалану, түпкілікті тұтыну, жинақтау және экспорт) теңгерімді симметриялы кестесі;

"салалық өндірістік мультиликатор" – бұл мүше мемлекеттің ЖІӨ-нің экономиканың қарастырылып отырган саласындағы өнім өсімінің бірлігіне шаққандағы өсімі, оған осы салада және оны аралық тұтыну үшін ресурстар шығаратын аралас салаларда қосылған құнның өсімі, сондай-ақ экономиканың осы саласында еңбекақы, салық және пайданың өсуі есебінен қалыптастырылатын қосымша кірістерді жұмысаумен қамтамасыз етілген халық, мемлекет және бизнес тарапынан қосымша түпкілікті сұранысты қанағаттандыратын салаларда қосылған құнның өсімі кіреді;

"мемлекеттің ЖІӨ-не оң үлес қосатын көрсеткіштер" – өзара сауда тауарларының экспорты; тауарлардың импортын толықтыратын; қызметтер экспорты; жұмыс күшінің импорты; басқа мүше мемлекеттерден елге ақша аударымдары;

"ЖІӨ-ге теріс үлес қосатын көрсеткіштер" – мигранттардың мүше мемлекеттерге ақша аударымдары.

4. Мүше мемлекеттердің экономикасына интеграцияның үлесін бағалау үшін мүше мемлекеттердің Комиссияға ұсынылатын ресми статистикасының көрсеткіштері, сондай-ақ Одақтың "шығындар-шығару" еларалық кестесінің негізінде есептелетін көрсеткіштер пайдаланылады.

5. ЖІӨ салалық өндірістік мультиликаторларын есептеу мына формула бойынша жүргізіледі:

$$\begin{aligned}
Multvvp_j = & \sum_i^n K_{\text{тол.шыг.}ji} \cdot va_i + hc \cdot \sum_{i,k,m}^n K_{\text{тол.шыг.}ji} \cdot wi \cdot a_k \cdot K_{\text{тол.шыг.}mk} \cdot va_m \\
& + gc \cdot \sum_{i,k,m}^n K_{\text{тол.шыг.}ji} \cdot taxi \cdot b_k \cdot K_{\text{тол.шыг.}mk} \cdot va_m \\
& + ginv \cdot \sum_{i,k,m}^n K_{\text{тол.шыг.}ji} \cdot taxi \cdot c_s \cdot t_k \cdot K_{\text{тол.шыг.}mk} \cdot va_m \\
& + binv \cdot \sum_{i,k,m}^n K_{\text{тол.шыг.}ji} \cdot inc_i \cdot t_k \cdot K_{\text{тол.шыг.}mk} \cdot va_m,
\end{aligned}$$

онда:

$Multvvp_j$ – осы мүше мемлекеттегі ж секторындағы шығарылымның өсу бірлігіне шаққандағы ЖІӨ өсімін көрсететін мүше мемлекеттің ж секторы үшін ЖІӨ-нің салалық өндірістік мультиликаторы;

$K_{\text{толық.шыг.}ji}$ – салааралық ағындардағы импортты қоспағанда, Одақтың "шығындар–шығару" еларалық кестесі негізінде есептелетін I сектор өніміне мүше мемлекеттің J секторының толық шығындарының коэффициенті;

$K_{\text{толық.шыг.}mk}$ – салааралық ағындардағы имортты қоспағанда, Одақтың "шығындар–шығару" еларалық кестесі негізінде есептелетін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің m секторының k секторының өніміне толық шығындарының коэффициенті;

va_i – Одақтың "шығындар–шығару" еларалық кестесінің негізінде есептелетін мүше мемлекеттің I секторының шығарылымындағы қосылған құн үлесі;

wi – Одақтың "шығындар–шығару" еларалық кестесінің негізінде есептелетін мүше мемлекеттің I секторының шығарылымындағы енбекақы үлесі;

$taxi$ – Одақтың "шығындар–шығару" еларалық кестесінің негізінде есептелетін мүше мемлекеттің I секторының шығарылымындағы салықтардың үлесі;

inc_i – Одақтың "шығындар–шығару" еларалық кестесі негізінде есептелетін мүше мемлекеттің I секторының шығарылымындағы таза пайда мен амортизация үлесі;

hc – мүше мемлекеттің үй шаруашылықтарының кірістері бойынша үй шаруашылықтарын тұтынудың икемділігі;

gc – Одақта мүше мемлекет бюджетінің кірістері бойынша Мемлекеттік тұтынудың икемділігі;

$ginv$ – Одақта мүше мемлекет бюджетінің кірістері бойынша бюджеттік инвестициялардың икемділігі;

$binv$ – Одақта мүше мемлекеттің бизнес кірістері бойынша жеке инвестициялардың икемділігі;

a_k – Одақтың "шығындар–шығару" еларалық кестесіндегі "үй шаруашылықтарын тұтыну" бағанының деректері негізінде есептелетін мүше мемлекеттің үй шаруашылықтарын тұтынудағы k секторының отандық өнімінің үлесі;

b_k – Одақтың "шығындар–шығару" еларалық кестесіндегі "Мемлекеттік тұтыну" бағанының деректері негізінде есептелетін мүше мемлекеттің мемлекеттік тұтынуындағы k секторының отандық өнімінің үлесі;

c_s – Одақтың "шығындар–шығару" еларалық кестесіндегі "Мемлекеттік тұтыну" бағанының деректері негізінде есептелетін мүше мемлекеттің бюджеттік инвестицияларындағы s секторының отандық өнімінің үлесі;

t_{ki} – Одақтың "шығындар–шығару" еларалық кестесіндегі "негізгі капиталдың жалпы жинақталуы" бағанының деректері негізінде есептелетін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің I секторының күрделі шығындарының салалық құрылымындағы k секторының отандық өнімінің үлесі;

t_{ks} – Одақтың "шығындар–шығару" еларалық кестесіндегі "негізгі капиталдың жалпы жинақталуы" бағанының деректері негізінде есептелетін мүше мемлекеттің s секторының күрделі шығындарының салалық құрылымындағы k секторының отандық өнімінің үлесі.

6. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің ЖІӨ-не тауарлардың өзара саудасының үлесі келесі формулалар бойынша есептеледі:

$$\begin{aligned}\Delta BB\pi_{taup_өзара_сауда} &= \Delta BB\pi_{taup_өзара_экспор} + \Delta BB\pi_{taup_кос_өзара_импорт}, \\ \Delta BB\pi_{taup_өзара_экспор} &= \sum_i^k Exp_i \cdot Multvvp_i, \\ \Delta BB\pi_{taup_кос_өзара_импорт} &= \sum_i^k Mimp_{кос.k} \cdot Multvvp_i, \\ Mimp_{кос.k} &= X_k \cdot b_{кос.imp},\end{aligned}$$

где:

$\Delta BB\pi_{взаим_торг_товар}$ – суммарный вклад в ВВП государства-членов в взаимной торговли товарами с другими государствами-членами;

$\Delta BB\pi_{взаим_экспор_товар}$ – суммарный вклад в ВВП государства-членов экспорта взаимной торговли товарами с другими государствами-членами;

$\Delta BB\pi_{тауп_өзара_сауда}$ – басқа мүше мемлекеттермен тауарлармен өзара сауданың қосынша импортынан мүше мемлекеттің ЖІӨ-не қосынды салымы;

Exp_i – i сектор тауарларын басқа мүше мемлекеттерге экспорттау;

$Mimp_{кос.k}$ – басқа мүше мемлекеттерден тауарлардың қосынша импортын пайдалануға байланысты мүше мемлекеттің k секторын шығару;

$Multvvp_i$ – осы мүше мемлекеттегі i сектордағы шығарылымның өсу бірлігіне шаққандағы ЖІӨ өсімін көрсететін мүше мемлекеттің I секторы үшін өндірістік мультипликатор;

i, k – экспортталатын тауарларды өндіретін және қосымша импорт тауарларын тұтынатын мүше мемлекет экономикасының секторлары;

X_k – Одақтың "шығындар–шығару" еларалық кестесінің деректері негізінде есептелең қосымша импорт тауарларын тұтынатын мүше мемлекеттің k секторындағы шығарылым;

$B_{\text{кос.имп}}$ – k секторының аралық тұтынудың жалпы көлеміндегі мүше мемлекеттерден тауарлардың қосымша импортының үлесі.

Тауарлардың алмастыруши импорты (тауарлардың жалпы импорты мен толықтыруши импорты арасындағы айырма) есепте есепке алынбайды, өйткені бұл тауарларды мүше мемлекет ЕАЭО-ға қатысуына немесе қатыспаудына қарамастан сатып алатын болады.

5. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің ЖІӨ-не көрсетілетін қызметтердің өзара саудасының үлесі мынадай формулалар бойынша есептеледі:

$$\Delta BBP_{\text{қызмет_өзара_саудасы}} = \Delta BBP_{\text{қызмет_өзара_саудасы}},$$

$$\Delta BBP_{\text{қызмет_өзара_экспорты}} = \sum_i^k Exp_i \cdot Multvvp_i,$$

ГДЕ:

$\Delta BBP_{\text{қызмет_өзара_саудасы}}$ – мүше мемлекеттің ЖІӨ-ге басқа мүше мемлекеттермен қызметтердің өзара саудасынан түскен жиынтық үлесі;

$\Delta BBP_{\text{қызмет_өзара_экспорты}}$ – басқа мүше мемлекеттермен қызметтердің өзара саудасы экспорттынан мүше мемлекеттің ЖІӨ-не қосынды үлесі;

Exp_i – i сектор қызметтерін басқа мүше мемлекеттерге экспорттау;

$Multvvp_i$ – осы мүше мемлекеттегі i сектордағы шығарылым өсімінің бірлігіне ЖІӨ өсімін көрсететін i сектордың өндірістік мультиликаторы;

i, k – экспортталатын қызметтерді өндіретін мүше мемлекет экономикасының секторлары.

Қызметтер импорты есепте есепке алынбайды, өйткені бұл қызметтерді мүше мемлекет оның ЕАЭО-ға қатысуына немесе қатыспаудына қарамастан сатып алатын болады.

6. Мүше мемлекеттің ЖІӨ-ге еңбек көші-қон үлесі мына формула бойынша есептеледі:

$$\Delta BBP_{\text{енб_көш-қон}} = \Delta BBP_{\text{жұм_күш_импорт}} + \Delta BBP_{\text{ақша_аударымдары}},$$

$$\Delta BBP_{\text{жұмыс_күш_импорты}} =$$

$$\sum_i^k$$

$(Migr \cdot Labimp_i / T_i) \cdot Multvvp_i$,

$$\Delta BVP_{\text{ақша_аударымдары}} = \sum_i^k MO_i \cdot hc \cdot a_k \cdot Multvvp_i,$$

ондағы:

$\Delta BVP_{\text{еңбек_көш-қон}}$ – басқа мүше мемлекеттерден келіп түскен және басқа мүше мемлекеттерге жіберілген мигранттардың жұмыс күші импортынан және ақша аударымдарынан мүше мемлекеттің ЖІӨ-не қосқан үлесі;

$\Delta BVP_{\text{жұмыс_күші_импорты}}$ – басқа мүше мемлекеттерден келіп түскен жұмыс күшінің импортынан мүше мемлекеттің ЖІӨ-ге қосқан үлесі;

$\Delta BVP_{\text{ақша_аударымдар}}$ – басқа мүше мемлекеттерден келіп түскен және басқа мүше мемлекеттерге жіберілген мигранттардың ақша аударымдарының сальдосынан мүше мемлекеттің ЖІӨ-ге үлесі;

T_i – мүше мемлекеттегі жұмыспен қамтылғандар саны мен осы сектордағы шығарылымның арақатынасын көрсететін i сектордың еңбек сыйымдылығы;

$Labimp_i$ – мүше мемлекетке басқа мүше мемлекеттерден келген еңбек мигранттарын бөлу құрылымындағы i сектордың үлесі;

MO_i – i сектордың тауарын (қызметін) сатып алуға пайдаланылатын мигранттардың келіп түскен және жөнелтілген ақша аударымдарының сальдосы;

$Multvvp_i$ – үй шаруашылықтары тұтынатын тауарлар мен қызметтерді өндіретін i сектордың өндірістік мультиплікаторы;

$Migr$ – мүше мемлекеттерден көшіп келген мигранттар саны;

w – көшіп келген мигранттардың жалпы санынан жұмыс істейтін еңбек мигранттарының үлесін көрсететін коэффициент;

i, k – басқа мүше мемлекеттерден еңбек мигранттары жұмыс істейтін мүше мемлекет экономикасының секторлары, сондай-ақ үй шаруашылықтары тұтынатын тауарлар мен қызметтерді өндіретін мүше мемлекет экономикасының секторлары;

hc – мүше мемлекеттегі кірістер бойынша үй шаруашылықтарын тұтынудың икемділігі;

a_k – Одақтың "шығындар-шығару" еларалық кестесіндегі" үй шаруашылықтарын тұтыну" бағанының деректері негізінде есептелетін мүше мемлекеттің үй шаруашылықтарын тұтынудағы k секторының отандық өнімінің үлесі.

7. Тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, еңбек көші-қонының өзара саудасының көрсеткіштеріне интеграциялық құрамдас бөліктерді есептеу үшін шара қабылданғанға дейінгі жылдағы көрсеткіштердің мәнін шара қолданысқа енгізілген жылдың

көрсеткіштерімен салыстыру жолымен әрбір интеграциялық шараның үлесі бағаланады

Осы кезеңдегі өсім осы шараның индикаторға қосқан интеграциялық үлесі болып саналады.

Интеграциялық салымды жалпы әлемдік процестердің серпінінен тазарту үшін ол мүше мемлекеттердің ТМД елдерімен сауда-саттығының өсу қарқынын ескере отырып түзетіледі.

Кейінгі жылдарға арналған интеграциялық салымдарды экстраполяциялау мүше мемлекеттердегі инфляцияны ескере отырып жүзеге асырылады.

Тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және еңбек көші-қонының өзара сауда көрсеткіштеріне интеграциялық шаралардың салымын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\lambda_n = \left(\sum_{t=1}^m (A_t - A_{t-1}) / Q_t \right) \prod_{t=1}^n I_j ,$$

ондағы:

I_n – тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және еңбек көші-қонының өзара саудасының көрсеткіштеріне интеграциялық құрамдас (интеграциялық шаралардың салымы) ;

A_t – интеграциялық шара қабылданған t жылындағы көрсеткіштің мәні;

A_{t-1} – интеграциялық шара қабылданғанға дейінгі өткен жылғы көрсеткіштің мәні;

Q_t – мүше мемлекеттердің ТМД елдерімен тауарлар саудасының өткен жылға қарағанда t , % -бен өзгеру қарқыны;

I_j – есеп айырысу j жылындағы мүше мемлекеттегі инфляция;

i, m – тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және еңбек көші-қонының өзара сауда көрсеткіштеріне әсер еткен қабылданған интеграциялық шаралар.

8. Тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және еңбек көші-қонының өзара сауда көрсеткіштеріне әсер ететін қабылданған интеграциялық шаралардың тізбесін комиссия қалыптастырады және жаңадан қабылданған интеграциялық шаралар ескеріле отырып, жыл сайын жаңартылып отырады.

9. Интеграциялық құрамдас бөліктерді ескере отырып, мүше мемлекеттің ЖІӨ-ге тауарлармен, көрсетілетін қызметтермен және еңбек көші-қонымен өзара сауданың жиынтық үлесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\Delta BBP_{\text{интегр.}} = (\Delta BBP_{\text{тауар_өзара_экспорт}}) l_1 + (\Delta BBP_{\text{тауар_өзара_кос_импорт}}) l_2 + (\Delta BBP_{\text{қызмет_өзара_экспорт}}) l_3 + (\Delta BBP_{\text{жұмыс_күш_экспорт}}) l_4 + (\Delta BBP_{\text{акша_аудар}}) l_5 ,$$

ондағы:

I_1 , I_2 – қабылданған интеграциялық шаралар есебінен қалыптастырылатын тауарлардың өзара саудасындағы экспорт пен импорттың үлестерін көрсететін коэффициенттер тауарлардың өзара саудасының экспорты мен импортының жалпы көлемінде;

I_3 , – қызметтердің өзара саудасы экспортының жалпы көлемінде қабылданған интеграциялық шаралар есебінен қалыптастырылатын қызметтердің өзара саудасы экспортының үлесін көрсететін коэффициент;

I_4 , I_5 – еңбек көші-қоны мен трансшекаралық аударымдардың жалпы көлемінде қабылданған интеграциялық шаралар есебінен қалыптастасатын еңбек көші-қоны мен трансшекаралық аударымдардың үлесін көрсететін коэффициенттер.

10. Интеграциялық құрамдас бөліктерді ескере отырып, мұше мемлекеттің ЖІӨ-ге тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және еңбек көші-қонының өзара саудасының жиынтық үлесі жыл сайынғы негізде есептеледі.

11. Одақтың "шығындар – шығару" еларалық кестесін жаңарту 2020 жылы құрылғаннан бастап әр бес жыл сайын жүзеге асырылады. Олардың салынған жылдар аралығындағы кезеңде Одақтың осы кезеңдегі қолданыстағы "шығындар – шығару" еларалық кестесінің негізінде есептелген мультиплікаторлар пайдаланылады.